

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ -
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

II БӨЛІМ

25 мамыр 2016 жыл

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**
под эгидой IX Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ II

25 мая 2016 г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**
in the framework of the IXth Astana Economic Forum

PART II

25 may 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)-551я431
Ж 28

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н., доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н.,
доцент Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)- 551я431

ISBN 978-9965-31-762-0

банк және басқа қаржы-ақша саласын реттеуші органдар күн сайын құнды қағаздардың сатылымы жөнінде шешім қабылдай отырып, ақшаның жағдайы мен пайыздық ставкаға әсер етіп отырады. Ал фискалды саясат қолданысы заңнамалық мәселелер бойынша ұзақ уақытқа кейін қалдырылуы мүмкін. Екіншіден, бұл саясат саяси қысымнан алшақтатылған, әсіресе дамыған елдерді осындай үрдісті байқауға болады. Сонымен қатар, ақша-несие саясаты өз табиғаты бойынша жұмсақ және саяси қатынаста айтарлықтай қолданбалы. Саясаттың негативті жақтары туралы айтатын болсақ, құнды қағаздар саясаты банктер несиелер көлемін шеугеуіге мәжбүр болатындай резервтерді төмендеті алады. Ал бұл дегеніміз ақша ұсынысын шектеуді білдіреді. Құнсыз арзан ақшалар саясаты коммерциялық банктерге қажетті резервті қамтамасыз етуі мүмкін, алайда бұл ақша ұсынысының артуына кепілдік бермейді. Осындай ахуалда бұл саясаттың қолданысы тиімсіз болады. Аталған құбылыс циклдік асимметрия деп аталады және ол ақша-несиелік реттеуге бірқатар тосқауылдар жасауы мүмкін. Екінші теріс фактор ол ақша айналымының жылдамдығы ақша ұсынысына қарама-қарсы бағытта өзгеру үрдісіне ие, осылайша ол мемлекеттік саясаттың ақша ұсынысын реттеуі бойынша шараларға кері әсер етеді. Яғни арзан ақшалар барысында ақша айналымы төмендейді, нәтижесінде жалпы шығындар да қасқарады, ал бұл саясаттың мақсаттарына қарама-қарсы болып келеді [5].

Елімізде Ұлттық Банк 2015 жылдан бастап өз қызметтерінің ашықтығын арттыру және қоғамды ақша-несие саясатының құралдары мен шаралары туралы ақпараттандыру бойынша жөмысын жалғастырады. Жалпы, ақша-несие саясатының шараларын жүзеге асыру тұрақты ұзақ мерзімді экономикалық өсу мен мақсатты коридорда ақша инфляциясын ұстауды қамтамасыз етуге бағытталған [6].

Қорытындылай келе, мақала Қазақстан Республикасының индустриялық дамуын жетілдіру үшін мемлекеттік реттеу құралдарының, атап өтсек, әлеуметтік жауапкершілік пен ақша-несие саясатының тиімділігі, артықшылықтары мен кемшіліктері, сондай-ақ қазіргі ахуалы мен даму ерекшеліктерін қамтиды.

Әдебиеттер:

1. Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 30 қараша 2015 жыл // www.strategy2050.kz
2. «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 кадам», 10.07.2012 // <http://www.inform.kz/kaz/article/2478341>
3. Глеуберген Е.Ж. Эффективность денежно-кредитной политики банковской системы Казахстана // Вестник КазГУ. – 2008 <http://articlekz.com/article/5360>
4. Баймұратов О. Қоғам мен экономика гармониясы (әлемдік парадигма). Оқу құралы – Алматы: «Экономика», 2013. -456б.
5. Мырзалиев Б.С. Государственное регулирование экономики. Оқу құралы: Алматы: «Нұр-Пресс», 2007. – 522 б.
6. Основные направления денежно-кредитной политики Республики Казахстан на 2015 год // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31671157

МЕМЛЕКЕТ ПЕН БИЗНЕСТІҢ СЕРІКТЕСТІГІ САЛАСЫНДАҒЫ МЕНЕДЖМЕНТТІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Умарбекова А.Ж.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
E-mail: umarbekova_azh@mail.ru

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев өзінің «Қазақстан – 2050» Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында Қазақстанның жаңа саяси бағыттарының бірі «ұлттық экономикамыздың жетекші күші –

кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау» екендігін айта отырып, «мемлекеттік-жекеменшік әріптестігі принципіне негізделген сенімді диалог құру үшін бизнесті топтастыруды жалғастыру керек, ол бұл жаңа стратегияны іске асыруда кең ауқымды және барлық кәсіпкерлердің тартылуы міндетін шешіп береді» деп көрсеткен болатын. Кәсіпкерлікке аса ірі жауапкершілік артылған. Мәселен, «халықаралық тәжірибені сараптау нәтижесінде кәсіпкерлерді палаталарға топтау экономиканың тиімділігінің ең негізгі факторы, мұндай қадам жүзеге асқан тұста «мықты бизнес, мықты мемлекет» ұстанымы іске асырылады» делінген Жолдауда [1]. Тәжірибе көрсеткендей экономикалық жүйе өздігінен дамымайды, қоғаммен біте қайнасады. Қоғам мүддесін және тұрақтылығын қорғауда мемлекеттің маңызы зор. Қоғамның экономикалық бағытының дамуы жекелеген кәсіпкерлер немесе корпорация мүдделерімен сәйкес келмеуі мүмкін. Бұл тұрғыда Жолдауда ортақ мәмілеге келіп, мемлекет пен бизнестің әріптестігі негізінде мүдделерді тоғыстыру қарастырылған. Осыған байланысты мемлекет пен жеке меншік сектордың өзара үйлесімділігін қамтамасыз ету, тиімді әріптестік қатынастарды дамыту және ірі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру кезінде мемлекет пен бизнестің өзара әрекеттестігін дамыту мен жетілдіру қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік механизмін қолдану арқылы мемлекет халыққа қызмет көрсету функциясын ғана емес, сондай-ақ тәуекел мен жауапкершіліктің бір бөлігін жеке бизнеске өткізіп береді. Мұндай механизмді іске асыру арқылы бюджет ауыртпалығын төмендетуге, бизнестің мемлекеттік активтерді басқаруға қатысуына, жаңа инвестиция көздерін тартуға және мемлекет пен бизнестің өзара әрекеттестігінің ұтымды үлгісін енгізуге қол жеткізіледі. Сондықтан, мемлекет пен жеке меншік бизнестің өзара функционалды әрекетін жетілдіруге деген қажеттілік «мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің» түрлі аспектілерін ғылыми тұрғыда зерттеуді талап етеді.

Жалпы мағынасында, «бизнес пен мемлекеттің серіктестігі» ұғымы, мемлекет пен жеке меншік сектор арасындағы қоғамдық маңызы бар мақсаттарға қол жеткізу жолындағы келісімшарттық сипаттағы институтталған ұзақ мерзімді қатынастар жүйесіне жатқызылады. Мұндай мақсаттарға мысал ретінде, инфрақұрылымдарды модернизациялауды немесе қызмет көрсету сапасын жақсартуды алуға болады. Алайда, іс жүзінде, «серіктестіктің» бір-бірінен мақсаттық бағдары, қызметі, ауқымы, схемасы, шарттары, қатысушылары және басқа да белгілерімен өзгешеленетін ерекшеліктері бар. Сонымен қатар, БМС мәнін ашуда «теориялық» және «эмпирикалық» ұстанымдар арасындағы айқын өзгешеліктер байқалады. Бұл өзгешеліктер жеке зерттеушілердің, халықаралық ұйымдардың, ұлттық заңнамалардың түрліше тұжырымдалуынан көрініс табады [2, 21-23б.].

«Бизнес пен мемлекеттің серіктестігі» ұғымына бірнеше тұрғыда берілген анықтамаларға тоқталып кететін болсақ, олар:

Бизнес пен мемлекеттің серіктестігі – теориялық-әдіснамалық бағыттың аясында, ұлттық экономиканың мемлекеттік секторының инфрақұрылымдық дамуы саласындағы міндеттерді бірлесе шешу үшін жеке меншік секторды тартуға байланысты мемлекет пен бизнестің ұзақ мерзімдік экономикалық қатынастар жүйесі.

Бизнес пен мемлекеттің серіктестігі – ғылыми-тәжірибелік бағыттың аясында, дәстүрлі түрде мемлекеттің қарауында болып келетін салалардағы мемлекет пен бизнестің өзара әрекеттестігінің ұзақ мерзімдік келісімшарттық формалары мен әдістерінің жиынтығы.

Бизнес пен мемлекеттің серіктестігі – қоғамдық-саяси бағыттың аясында, қоғамның ұзақ мерзімдік дамуының ортақ (бірлескен) мақсаттарына қол жеткізу үшін мемлекеттік және корпоративтік саясаттың құралдарының көмегімен (қаржылық, өндірістік, ақпараттық, еңбек) біріктіру негізіндегі қоғам, мемлекет және бизнестің институтталған альянсы.

Бұның барлығы жалпыға ортақ қабылданған бизнес пен мемлекеттің серіктестігі ұғымының азды-көпті анықталған нақты мәндік тұжырымы әлі де болса бір ізге түсе қойылмағандығын көрсетеді. Сондықтан да, бұл мәселе қазіргі күні ғылыми-тәжірибелік сипаттағы өзекті міндет болып табылады.

Ескеретін жағдай, бизнес пен мемлекеттің серіктестігінің әрбір анықтамасында оның белгілі бір танымдық тұрғыдағы аспектілеріне назар аударылады. Себебі, зерттеулер түрлі ғылыми әдістер бойынша жүргізіліп, аталған құбылысқа түрлі көзқарастарды көрсетеді. Мысалы, бизнес пен мемлекеттің серіктестігі анықтамасының негізгі аспектісіне «...мемлекет пен жеке меншік сектордың арасындағы келісімшарттарға, тәуекелдерге және артықшылықтарға негізделген қарым-қатынас» немесе «...жеке сектор ұйымдары мен мемлекет арасындағы қоғамдық қызмет түрлерін өндіру және ұсыну бойынша ынтымақтасқан ұзақ мерзімдік қарым-қатынастары» жатады [1; 3, 147б.].

Аталған пікірлердің әралуандылығынан шығатыны, кейбір ғалымдар бизнес пен мемлекеттің серіктестігіне нақты концептуалды анықтама берудің еш қажеті жоқ, себебі қоғамдық мұқтаждық үшін бизнес пен мемлекеттің серіктестігі мемлекет пен жеке меншік сектор арасындағы кез келген бірлескен экономикалық әрекет деп ұғыну жеткілікті делінеді [4, 41б.].

Мысалға, Э.Сава бизнес пен мемлекеттің серіктестігіне келесілерді жатқызады:

1) тауарларды (қызмет көрсетулерді) өндіру (ұсыну) үшін мемлекет пен жеке меншік сектордың ресурстарын біріктіретін келісім-шартқа негізделген кез келген қарым-қатынастар;

2) ауқымды, көптарапты инфрақұрылымдық жобалар;

3) дамудың мақсаттарына жету үшін және халықтың өмір сүру жағдайын жақсарту үшін бизнес, билік органдары және қоғамдық ұйымдар арасындағы формалды ынтымақтастық, мұнда бизнес пен мемлекеттің серіктестігінің мәні келісімшарттарды орындаумен немесе мемлекеттік активтерді бүркемеленген жекешелендірумен байланысты болып келеді [5, 1732-1733бб.]. Бұл тұжырым Г.Ходждың пайымдауларымен ұқсап келеді.

Ресей ғалымы В.Вварнавский «Бизнес пен мемлекеттің серіктестігінің» қосарлы ұғынылуының табиғатына назар аударып, БМС-не келесідей сипаттамалар береді:

1) Бизнес пен мемлекеттің серіктестігі өзінің «кең» мағынасында мемлекет пен бизнестің ұлттық, халықаралық, аймақтық, муниципалдық деңгейлердегі әлеуметтік-экономикалық дамудың құралы ретінде қолданылатын қарым-қатынастар жүйесі;

2) Өзінің «тар» мағынасында бизнес пен мемлекеттің серіктестігі дегеніміз бұл мемлекеттік және муниципалдық меншік нысандарындағы мемлекеттік органдар мен жеке меншік компаниялардың бірлесе іске асыратын нақты жобаларының жиынтығы [6; 7].

Бұл жаңа институттың пайда болуының негізгі алғышарттарының бірқатарын атап өтуге болады, олар:

- экономиканың әлеуметтік маңызды салаларын дамытуға бюджеттік қаржының тапшылығы;

- бюджетті толықтыру үшін салықты көбейту мүмкіндігінің болмауы;

- бюджет кірістерін ұлғайту мақсатында мемлекеттің қарыз алуын шектеу;

- көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасына халықтың қанағаттанбауы.

Серіктестіктің бұл ерекше формасы әдетте «бизнес пен мемлекеттік серіктестігі» деген терминмен беріледі, ағылшын тіліндегі «Public-Private Partnership (PPP)» деген терминнің баламасы болып табылады. Мұндағы «public - мемлекет» сөзі үлкен мағынаны білдіреді, басқарудың ұлттық, аймақтық, жергілікті деңгейлерін біріктіретін қоғамдық биліктің жалпылама субъектісі болып саналады. Сондай-ақ, айта кету керек, «мемлекет» ұғымы бұл жағдайда білім берушілік, мәдени, медициналық және басқа да қоғамдық сектордың мемлекеттік мекемелерін біріктіруі мүмкін.

Қазіргі кезеңде, экономикалық қатынастардың мұндай институционалдық формасы ретінде бизнес пен мемлекеттің серіктестігін жүзеге асыруға кірісе отырып, Қазақстан өркениетті әлеуметтік-нарықтық қатынастарға қол жеткізуге қадам жасады. Сонымен қатар, бизнес пен мемлекеттің серіктестігі жаңадан пайда болған экономикалық механизм еместігін айта кету керек. Әлемнің 100-ден астам елдерінде қазіргі уақытта бірлескен түрлі келісімшарттар мен жобаларды жүзеге асырудан бастап, бірлескен кәсіпорындар мен

біріктірілген корпорацияларды құруға дейінгі бизнес пен мемлекеттің серіктестігінің түрлі механизмдері қолданылады.

Алайда, бизнес пен мемлекеттің серіктестігінің даму жолын қазақстандық түсіндіру батыстан айтарлықтай ерекшеленеді. Қазақстанда, әдетте келесі схема іске асырылады: алдымен бизнесте қандай-да бір идеялар пайда болады, содан кейін мемлекет инфрақұрылымды жасайды, тек осыдан кейін ғана ірі инвестициялық жоба жүзеге асырылады. Батыста Public-Private Partnership бағдарламаларында басты рөлді мемлекеттің жоспары ойнайды, олар инфрақұрылымды жасау үшін және жобаны іске асыру үшін инвестициялар тартады [8].

Бизнес пен мемлекеттің серіктестігіне тән белгілерге келесілер жатады:

- серіктес тараптар мемлекеттік және сондай-ақ экономиканың жеке секторы болуы қажет;

- бизнес пен мемлекеттің серіктестігі тараптарының өзара қатынасы ресми шешімдерде, жобаларда, бағдарламаларды және т.с.с. белгіленуі керек;

- бизнес пен мемлекеттің серіктестігі тараптарының өзара қатынасы серіктестік сипатта, яғни тең құқылы сипатта болуы шарт;

- бизнес пен мемлекеттің серіктестігі тараптарының ортақ және айқындалған мақсаттары болуы тиіс;

- бизнес пен мемлекеттің серіктестігі тараптары ортақ мақсатқа қол жеткізу үшін өз салымдарын біріктіруі қажет;

- бизнес пен мемлекеттің серіктестігі тараптары алынған нәтижелерге байланысты шығындар мен қатерлерді өз араларында бөлісу керек.

Бизнес пен мемлекеттің серіктестігі институттарының қызмет ету негізінде келесі тәсілдемелер жатуы керек:

- мемлекеттік инвестициялар «мәселелік зоналар» саласына бағытталуы керек. Бұдан мемлекеттің кіріс келтіретін салаларды іздеу емес, ал жағымсыз жағдайларды түзету сияқты міндеттері айқындалады;

- мемлекеттік қолдау бағдарлы, айқын және әдеттегідей уақытша болу керек. Мемлекет мәселе шешілісімен, нарықтың сол сегментін босатуы қажет [9].

Бизнес пен мемлекеттің серіктестігі қатынастарын жүзеге асыруда бұл тәсілдемелер аталған серіктестіктің әлеуетті қауіптерінің болуына байланысты айтарлықтай маңызды, олар келесі факторлармен шарттастырылған: жемқорлық мәселесі; мемлекеттік институттарға деген қоғам сенімінің төменгі деңгейі; экономикалық шешімдерге саясаттың қатты ықпал етуі; мемлекеттік аппарат тарапынан жауапкершілік пен бақылаудың төменгі деңгейі.

Бизнес пен мемлекеттің серіктестігінің категориялық анықтамасына қарамастан, келесі қорытындылар жасауға болады:

- серіктестік мақсат емес, ал мақсатқа қол жеткізу құралы болып табылады;

- серіктестік ресурстарды өзара айырбастау және жауапкершілікті бөлісуді білдіреді, сонымен қатар ресурс деп материалдық және қарды құралдарынан басқа, интеллектуалдық ресурстар мен оларды пайдаланғаны үшін ортақ жауапкершілік түсіндіріледі;

- серіктестер жағдайды бақылаудың қандай да бір үлесінен бас тартуға дайын болуы керек;

- серіктестер арасында өзара құрмет пен сенімнің жеткілікті деңгейі керек, ол мақсаттың ортақтығын қамтамасыз етеді (алайда мақсаттардың толығымен бірігуі міндетті емес).

Жеке меншік бизнес пен мемлекеттің серіктестігін құру түрлі салалардағы күрделі мәселелерді шешу үшін қолайлы шарттарды қамтамасыз ету үшін маңызды кезең болуы мүмкін, бұл үшін тиісті нормативті актілерді қабылдау, бизнес пен мемлекеттің серіктестігі қызметін реттейтін заңнамалардың толық саласын жасауды талап етеді.

Міне сондықтан, қазіргі мемлекет нарықтық үрдістерді қолдай отырып, экономиканың халықтың тіршілігін қамтамасыз ететін салаларының дамуы және әлеуметтік прогресс туралы ойлайтын күшті институт ретінде болуы керек.

Әдебиеттер:

1. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» // <http://www.akorda.kz>
2. Серіков Р.С. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-жеке меншік әріптестік: теориялық мәселелері, тенденциялары және даму перспективалары». Фил.докт. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссерт. авторефераты. Алматы, 2014.
3. Osborne S.P. (ed.) Public-Private Partnerships: Theory and Practice in International Perspective. – London: Routledge, 2000. – 368p.
4. William A.T. Regional Governance: Contemporary Public-Private Partnerships in the South // PhD Thesis. – Virginia University of Commonwealth, 1997. – 832p.
5. Savas E.S. Privatization and the New Public Management // Fordham Urban Law Journal/ – 2000. – Vol.28. №5.
6. Варнавский В.Г. Партнерство государство и частного сектора: формы, проекты, риски. – М.: Наука, 2005. – 178 с.
7. Варнавский В., Клименко А., Королев В. Государственно-частное партнерство. Теория и практика. – М.: ГУ ВШЭ, 2010. – 228с.
8. Матаев М.Т. «Государственно-частное партнерство - институциональный и деловой альянс государства и бизнеса» // Вестник КазНУ. Алматы, 2012.
9. Суранов С. Инвестиционное партнерство // Экономика и жизнь. - 2006. - №49. - С. 56.

СУЩНОСТЬ И СТРУКТУРА ПОТЕНЦИАЛОВ ПРОМЫШЛЕННОГО ПРЕДПРИЯТИЯ

Утегенова Ж.С.

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
г. Астана, Республика Казахстан
E-mail: juldyz_kokshe@mail.ru

Программа форсированного индустриально-инновационного развития Казахстана нацелена на решение сложнейшей этапной задачи по переориентации экономики на модель перехода от уровня добывающей сырьевой экономики к инновационно-индустриальному типу. Несмотря на объективную обусловленность исторически сложившегося стартового уровня структуры с доминированием сырьевой составляющей совершается переход к инновационно-индустриальному развитию с ориентацией на наукоемкие технологии и сферы услуг. Эта политика, обеспечив последовательный и сбалансированный рост технически диверсифицированных добывающих компаний и инновационно оснащенных перерабатывающих производств, явится основой современной реальной экономики, повышения казахстанского содержания в ее основных блоках и сегментах. В этом залог закрепления лидерства Казахстана не только в Центральной Азии, но и на евразийском пространстве [1]. Необходимость инновационного развития предприятий предъявляет новые требования к содержанию, организации, формам и методам управленческой деятельности. Это объективно требует теоретического анализа сущности и тенденций развития потенциала предприятия, выяснения факторов, определяющих его состояние и перспективы развития.

Потенциал в общем понимании рассматривается как источники, возможности, средства, запасы, которые могут быть приведены в действие, использованы для достижения определенной цели. Однако потенциал является чем-то большим, чем просто заданным набором определенных возможностей системы для эффективного функционирования при различных целях.

Потенциал является базовым элементом предприятия, объединяющим в себе цели, движущие силы и источники его развития. Его содержание определяют следующие характеристики:

потенциал является динамической характеристикой и проявляется только в процессе его использования;

использование потенциала должно сопровождаться его ростом;